ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 30 қаңтар №5265-25-00-2/4862 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Е.М.Есенбаевтың төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қалалық балалар клиникалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Әлденова Ақбота Жасұланқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану
2.Тұрақсыздық өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қалалық балалар клиникалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Әлденова Ақбота Жасұланқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Әлденова Ақбота Жасұланқызынан мемлекеттің пайдасына 29 556 (жиырма тоғыз мың бес жүз елу алты) теңге тұрақсыздық, мемлекеттік баж 887 (сегіз жүз сексен жеті) теңге өндірілсін

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою жайлы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Есенбаев Е. М., 30.01.2026
Заңды күшіне енген күні: 10.03.2026, судья Есенбаев Е. М., 26.03.2026
5265-25-3-1/4963

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін 1 (бір) ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Е.М.Есенбаев**

Құжатқа қол қойылған: Есенбаев Е. М., 30.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 10.03.2026, судья Есенбаев Е. М., 26.03.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5265-25-3-1/4963